

15 Рыбинский Е. Проект закона СССР о правах ребенка // Семья. - 1989. - №35.

16 Городецкая И.К. Международная защита прав и интересов детей. - М.: Международные отношения, 1973. - 342 с.

17 Европейская Конвенция о защите прав человека и основных свобод. Воспитание поколений XXI века. (Материалы международного симпозиума) // Государство и право. М: Наука, 1998. - №7.

18 Конвенция о правах ребенка. Официальное издание. - Женева: Детский фонд ООН (ЮНИСЕФ), 1990. - 56 с.

19 Конституция Республики Казахстан. Научно-практический комментарий. - Алматы: Раритет, 2010. - 400 с.

20 Сартаев С.С. Жизнь: Штрихи к портрету профессора. - Алматы, 2002. - 346 с.

## СОТТЫҚ ТАЛҚЫЛАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Какимова М.Ш., з.ғ.к., доцент, мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының меңгерушісі, Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

*Темірханова М., заң факультетінің магистранты, Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Қазақстан тәуелсіздікке қолы жетіп, егеменді мемлекет құру кезінде құқықтың даму процесі басталып, аяқталмаған жағдайда нормативтік актілердің дамуын жан – жақты зерттеп жақсы түсінуге толық мүмкіншілік туды.

Құқықты талдау заң ғылымдарының дәстүрлі мәселелерінің бірі болып табылады. Нормаларды талқылау қажеттігі көптеген жағдайлармен байланысты соның ішінде құқық нормаларының сыртқы сипатын безендіру, олардың тілдік – логикалық ойлау жүйесімен, нормалардың жүйелі құрастыруы және олардың ерекше қасиеттеріне, қызметіне байланысты сәйкестендіру. Құқық нормасын талқылау теориясын талдау, дайындау қазіргі кездегі заңдық тәжірибеде толық қанды қажеттіліктерін қанағаттандырмайды. Құқық нормасын талқылау барысындағы көптеген мәселелер әлі де болса даулы, ал кейбір сұрақтар тіпті әлі зерттелмеген.

Түсіндіру актілері, әкімшілік басқармасы бойынша шығарылатын актілер маңызды үлкен рөл атқарып, өз территориясында тәртіп орнатады. Өзімізге белгілі, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты Конституция нормаларын тікелей қолдану мәселесіне байланысты басшылыққа алатын бірқатар анықтамалар берген еді. Осыған орай, атап айту керек, Қазақстан Республикасы Конституциясының 78-бабына сәйкес: «Соттар конституция бекіткен адам мен азамат құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін заңдар мен нормативтік құқықтық актілерді қолдана алмайды. Егер сот қолдануға қажет заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акт конституция бекіткен адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп тапса, істі қарауды тоқтата тұрып, бұл актіні конституцияға қарама-қайшы деп тану үшін, Конституциялық кеңеске өтініш жолдауы тиіс»[1].

Демек, Қазақстан Республикасы Конституциясының тікелей әрекет ету қағидасы қоғам өмірінің жай ғана әшекейі емес, мемлекеттік органдар, азаматтар мен қоғамдық бірлестіктер басшылыққа алуы тиіс, іс жүзінде әрекет ететін заңға айналуы керек. Сондықтан да бұл қағиданы қоғам мен мемлекеттің күнделікті қолданым тәжірибесіне енгізу қажет, ал ол үшін ең алдымен қоғамдық сананы, мемлекеттік органдардағы қызметкерлердің кәсіби санасын және халықтың құқықтық сауаттылығын дамыта түсу керек-ақ. Отандық құқықтану саласында бұл мәселеге барынша үлкен көңіл бөлінуі тиіс.

Талқылау – танымның субъективті үрдісі. Танымның бір түрі ретінде талқылау объективті мәнімен қатар, субъективті мәнге ие болады. Талқылаудың субъективті мәні, оның әртүрлі қасиеттері бар субъектімен ерекшеленеді. Ол субъектінің бойында ойлау қабілеті, жеке құқықтық және моральдық санасының дәрежесі жоғары, жеке қызығушылықтары болады. Талқылаудың субъектісі белгілі бір әлеуметтік топқа жататын адам болып табылады. Сондықтан ол белгілі бір идеологияны жақтайды. Субъектінің бұл қасиеттері талқылау үрдісімен қатар, оның нәтижесіне де әсер етеді [2, 41].

Талқылаудың субъективтік мәні оның шығармашылық мәнін көрсетеді. Талқылаудың шығармашылық мәнінен ауытқу мүмкін емес, себебі талқылау үрдісінде құқық нормасының мазмұнында жаңа ілімдер пайда болады. Егер талқылау барысында жаңа ілімдер пайда болмаса, онда талқылаудың тәжірибеге де, теорияға да қажеті болмас еді. Талқылау құқықтық реттеуде нақты фактілерге қолданылады. Құқық нормасын жүзеге асыру кезінде жеке фактілерге байланысты

интерпретатор алдында құқықтық тұрғыдағы әртүрлі сұрақтар туады. Бұл сұрақтарға жауапты құқық нормаларының мазмұнынан іздеу керек. Құқық нормаларын талқылау – құқық актілерінде орын алатын құқық нормаларының мазмұнын ұғыну және түсіндіру. Талқылау барысында нормативті нұсқаудың мазмұны, олардың әлеуметтік бағытталғандығы, құқықтық реттеу жүйесіндегі ролі мәселелері шешіледі. Талқылау заңдық нормалардың абстрактілігіне, арнаулы терминологияға, құқық шығармашылық әрекеттің ақаулығына байланысты қажет. Құқықтық нормаларды талқылау әрекетінің мақсаты заңдық нұсқауларды біртектес дұрыс түсінуді және оларды орынды қолдануды қамтамасыз ету болып табылады.

Құқықты талқылау мәселелері құқық қолдану мен құқықты жүзеге асыру көлемінен асып кетуде. Себебі, ол мемлекеттік-құқықтық өмірді ғылыми және кәдімгі тану процесінде дербес мағынаға ие. Сондай-ақ, қолданыстағы құқықтың мазмұны туралы нақты түсініктің болуы құқықшығармашылық әрекетінің барысында да аса қажет. Онсыз жаңа құқықтық акт қабылдау немесе бар актілерді жүйелендіру мүмкіндігі болмай қалады.

Талқылау нәтижесі мәтін мен заңдық нормалардың шынайы мазмұнының арақатынасына байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Мәтін мен заңдық нормалардың шынайы мазмұнының арақатынасына байланысты талқылаудың үш түрі танылған: дәлме-дәл талқылау; шектеулі талқылау; кеңейте талқылау [3, 57].

Көрсетілген құқық пен мемлекет қоғамның экономикалық, әлеуметтік даму процесін, жеке және заңды тұлғалардың қарым – қатынастарын реттеп, басқару үшін өмірге келді. Бұл объективтік процес.

Құқық нормаларын түсіндіру-бұл мемлекеттің, лауазымды тұлғалардың, қоғамдық ұйымдардың, жекелеген азаматтардың құқық нормаларының мазмұнын түсіндіруге, оларда көрініс тапқан билік басында тұрған әлеуметтік күштердің еркін ашуға бағытталған қызметі.

Құқық нормаларын талқылау – мемлекеттің құзыретті органдарының қызмет және қоғамдық ұйымдардың, жекелеген азаматтардың шын мәнісіндегі құқық нормаларының мазмұнын түсінуге арналған. Талқылау процесінде норма әрекеттерінің жағдайы, құқықтық қатынастың мүшелерінің заңды құқықтары және міндеттері белгіленеді, сонымен бірге құқық нормаларының ұйғарымын бұзғаны үшін заңды жауапкершілік мөлшері көрсетіледі.

Талқылау құқық нормаларының іске асырылуын толық және жан – жақты жүргізу, атқару органдарының қызметінде, сот және прокуратура органдарында, азаматтарының және ұйымдарының өздерінің, заңды құқықтары мен міндеттерін орындау кезінде қамтамасыз етілуі қажет болады. Соған байланысты, талқылау құқық нормаларының барлық әрекет ететін аумағында бір жақты түсінуге және қолдануға ықпал жасайды, әр түрлі қоғамдық өмір аясындағы заңдылықты және біркелкі құқықтық тәртіпті қамтамасыз етеді.

Құқықтық нормаларды талқылаудың ресми актілері (талғап – талғау, түсіндіру) – құқық нормаларының мазмұнын түсіндіру, екіншіден, олардың ұйғарымын нақтылау және дәлелдеу. Талдау және талғау актілерінің ерекшелігі, олар талқыланатын заң нормалары кіретін нормативтік – құқықтық актілермен бірігіп әрекет етеді.

Талдау талғаудың нәтижесін біріктіретін құрал – нысан. Міне, осындай актілер толық көлемде құқық нормаларын ресми түсіндірудің функциясын орындайды, себебі, олар құзыретті органдардың құқықтық – шығармашылығы қызметіне қатынасы жоқ [4, 82].

Сонымен, шектеу және тарату талқылаулары шын мәніндегі құқық нормаларының мазмұнын толық сәйкестендіреді және нормативтік – құқықтық баптың мәнінде дәл жазылады.

Түсіндіру процесінде нормативтік ереженің мәні, оның негізгі мақсаты мен әлеуметтік бағыттылығы, түсіндіріліп отырған актінің мүмкін салдары, оның құқықтық реттеу жүйесіндегі орны және т. б. анықталады. Түсіндірудің мақсаты-заңшығарушының не айтқысы келгенін емес, оның қалыптастырылған ережесінің мәнін анықтау. Түсіндіру қолданыстағы заңнамаға өзгертулер мен толықтырулар енгізбейді және енгізе алмайды да, ол заңдағы ережелерді түсіндіруге және нақтылауға бағытталған. Түсіндіру екі жақтан құралады: норманың мәні мен оны түсіндіруді түсіну /өзі үшін/; норманың мазмұнын түсіндіру /өзгелер үшін/.

Құқық нормаларын түсінуде, жоғарыда көрсетілгендей, олардың мазмұнының анықтығы, белгілілігі толық еместігін байқаймыз. Ол әр түрлі себептермен түсіндіріледі. Мысалы, азаматтардың заңмен таныстығының жетімсіздігі, көп жағдайда құқық нормаларын түсіндіруге қиындық туғызады, мысалға кейбір кездегі кездесетін іс жүзіндегі құқық қолданудағы қайшылықтарды айтуға болады. Сондықтан, қажетті жағдайда жататындар құқық нормаларын талқылау – түсіндіру және оларды дәл іске асыруды қамтамасыз ету, іс жүзіндегі, әсіресе оларды қолдану процесіндегі қателікті жібермейді.

Ресми түсіндіру актілері мен мемлекеттік қызмет органдарында, әкімшілік басқармасы жөнінде үлкен мағынаға ие. Мемлекеттік қызмет органдарының қызметі шаруашылық және әлеуметтік-мәдени міндеттерін жүзеге асыру.

Бүгінгі кезде Қазақстан Республикасы түбірлі түрленіп өндірістік қатынастары бойынша сфераны өзгертуге, мұндай жағдайда соттық жүйе міндетті түрде өзгереді. Сот, бастапқыда заңды түсінікті, басқаларға түсініктей болатындай етіп қолдануға тиіс. Сотта шағым және көздеу, қадағалау болмауға тиіс, оларды апелляциялық соттың шешімі аяқталған болып саналу керек. Бірақ, бұл апелляциялық соттың шешімі басқа соттарға барлығына және кейбір мәселелерді шешу жөнінде міндет болу емес.

Сот дәрежесінің әр түрлілігін ескере отырып, англосаксондық құқық жүйесі институтының немесе кейбір оның элементтерін енгізу керек. Оған мысал ретінде қазіргі кезде біз бақылап отырған Ресей Федерациясының сот жүйесінің өзгеру процесін келтіруге болады.

Берілген институт бізбен әрдайым аластатылып отырды. Өйткені институт ретінде буржуазиялық құқық жұмыс класын теріс ойға шығарып және оларды оңай басқару үшін әдейі ойлап табылған. Бұрынғы КСРО-да бұл институт бірінші жоспарда анықталмаған, бірақ біздің көзқарасымызша ол Жоғарғы Сот Пленумының қаулыларында ерекше нысанда өмір сүрген.

Осының бәрін заңдастыруға, оған заңдылық мәртебесін беруге уақыт келді. Біз осыны іске асыруды қарапайым жағдай емес екеніне есеп береміз. Бұл істі іске асыру үшін жылдар, мүлдем басқа заңды кадрлар керек.

Қазақстан құқықтық мемлекет құруды шешкендіктен, заңды талқылау құқығын тек сотқа ғана беру керек. Соттағы сот рөлін үнемі көтеріп отыру керек. Сот тек заңға ғана бағынатын билік тармағы болу керек.

Сот рөлінің өсуіне байланысты, доктриналды талқылауды зерттеп, оны ресмиге жақындату керек. Соттық талқылау онда кездескен түсініспеушіліктерді жою арқылы оның мазмұнын түсіндіруін айтады. Қандай да бір заңда немесе құқықтық нормалардың мазмұнында түсініспеушіліктер түрлі себептерден туындауы мүмкін. Бұл жағдай мысалы нормативті актінің қысқаша жазылуынан немесе өзге де себептерден пайда болады. Сол себепті құқықтық нормалардың түрлі талқылаулары қолданылады.

Соттық талқылау құқықтық норма мәні соттық органмен қабылданған шешім ретінде немесе іс бойынша анықталған кезде қолданылады. Соттық талқылау шешім немесе анықтама қабылданған іске қатысы бар тұлғаларға ғана міндеттеуші күшке ие.

Ресми талқылауды арнайы құзыры бар мемлекеттік органдар мен субъектілермен іс жүзіне асырылады. Біріншіден, бұл талқылау арнайы құқықтық кесім арқылы бекітіледі. Екіншіден, ресми талқылаудың нәтижесі түсінік берілген құқық норманы қолдануда барлық субъектілерге міндетті болып саналады. Үшіншіден, құқық қолданатын субъектілерге талқыланған құқық нормасын бір мағынада ұғынуға мүмкіндік береді және құқық қолдануда кателіктерге баруға тосқауыл қояды.

Нормативтік талқылауда құқықтық норманы талқылаған түсініктің өзі бәріне міндетті нормаға айналады, көп рет қолдануға мүмкіндіктер туады. Мысалы, «Қазақстан Республикасының құқықтық актілер туралы заңында» заңға сәйкес қабылданған кесімдер ресми түрде өзі қабылдаған органмен талқыланады деп атап көрсетілген. Сонымен қатар нормативтік талқылаудың субъектісі болып әділсот органдары, атап айтқанда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты бола алады. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының пленумының қаулылары соттардың тәжірибелерінде қолданылатын заңдар мен заңға сәйкес қабылданған нормативтік-құқықтық кесімдерге түсініктеме береді және оларды тек сот органдары ғана пайдаланады [5]. Қазақстан Республикасының Конституциясының 81-бабында: Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты азаматтық, қылмыстық және жалпы сот ісін жүргізудің соттарда қаралатын өзге де істер жөніндегі Жоғарғы Сот органы болып табылады, заңда көзделген іс жүргізу нысанысында олардың қызметін қадағалауды жүзеге асырады, сот практикасының мәселелері бойынша түсініктемелер беріп отырады», — деп атап көрсетілген.

Казуальдық талқылау нақтылы қаралған іс бойынша қолданылатын құқық нормаға түсінік беру. Мұндай талқылау негізінде құқық қолдану барысында арнайы құзырға ие органдардың шешімдері мен соттардың үкімдерінен, шешімдерінен өздерінің көріністерін табады, соттық және әкімшілік болып екі түрге бөлінеді.

Кенейтілген талқылауда құқық норманың толық мазмұны оның сөздік мағынасынан кеңірек болып ұғынуды талап етеді. Мысалы, Қазақстан Республикасының Конституциясының 77-бабының бірінші тармағы: «Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынады», деген норманы бекіткен. Бұл жерде судьялар іс қарағанда тек ғана Конституция мен

зандарға ғана емес, сонымен қатар басқа да нормативтік құқықтық кесімдерге бағынады. Бұл норма кеңейтілген талқылауды талап етеді. Сонымен қатар құқық нормаларының мәтінінде «және басқалар», «өзгеше көзделмесе», «басқа құжаттар», «басқа да мүлік» және т.б. сөздер құқық нормалар мәтінде пайдаланғанда кеңейтілген талқылау пайдаланылады.

Соттық талқылаудың сипатын үш түрлі көзқарас бойынша анықтауға болады: Бірінші көзқарас бойынша, соттық талқылауды ресми талқылаудың түрі ретінде тану бұл көзқарасты кеңес уақытында барлық ғалымдар ұстанған. Себебі соттың заңдық істерді шешуге немесе қорытынды жасауымен түсіндіреді. Құқықтық жүйеде сот тәжірибесінің орнын анықтайды.

1980 жылдардың аяғында идеялогиялық қысым әлсіреп, кейбір ғалымдар сот тәжірибесіне қорытынды беру барысында жай ғана талқылау ғана берілмейді, құқықтық ереже әзірленеді деді (екінші көзқарас). 1990 жылдары құқық нормасына берілетін Жоғарғы сот инстанцияларының түсіндірмелерін құқықшығармашылық сипатқа ие деп таныды (үшінші көзқарас). Орыс ғалымы Алексеев С. С. Соттық талқылау үдерісінде екі түрлі норма әзірленеді деп түсіндіреді:

- құқықтық ереже — нақты жағдай үшін сотпен қалыптастырылған құқық нормасының ұқсастығы немесе талқылау жолы;

- сот тәжірибесінің қорытындылау нәтижесінде әзірленген Жоғарғы сот инстанциясының құқық нормасы ретіндегі типтік шешімдері [6, 109].

Сот тәжірибесінің рөлін ары қарай кеңейту мен танудағы тағы бір себебі ол сот жүйесі мен сот кадрларын дайындау мәселелері болып табылады.

Соттық талқылауды жүргізудің себебі: заңдарды қолданудағы қателіктер, ақаулықтардың анықталуы, заң бұзушылықтар, құқыққолдану тәжірибесінің жоқ болуы, заңды қолданудағы қиындықтар, заңды дұрыс талдамау және дұрыс түсінбеу және т.б.

Соттық талқылау келесі мақсаттарда жүргізілуі тиіс:

- біркелкі қолдану заңдарын бекіту;

- сот тәжірибесіндегі кемшіліктерді жою;

- соттық талқылаудың негізі сот тәжірибесі болып табылады;

- Жоғарғы сот инстанцияларының нормативтік сот талқылау нәтижелері төменгі соттарға міндетті болып табылады [7, 31].

Сонымен, соттық талқылау-бұл жоғары тұрған соттың құқық нормасының мәнін түсіндіруі деп айтуға болады. Ол сот қызметінде құқық нормаларын дұрыс түсінуді және бірыңғай қолдануды қамтамасыз етеді. Мысалы, ҚР Жоғарғы Соты барлық төмен тұрған соттарға сотта істі қарау барысында азаматтық және қылмыстық заңнаманы қолдану мәселелері туралы ресми түсінік береді және ол барлық төмен тұрған соттарға талқыланған құқықтық норманы қолданатын лауазымды тұлғаларға міндетті болып табылады.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, Алматы: «Баспа» ЖШС, 1995 жылы 30 тамыз. <http://www.zakon.kz/>.
2. Смирнов А. В., Манукян А. Г. Толкование норм права. -М.: Проспект, 2008.-144 с.
3. Толстик В. А., Дворников Н. Л., Каргин К. В. Системное толкование норм права. М.: ИД «Юриспруденция», 2010. -136 с.
4. Хабриева Т. Я. Толкование Конституции Российской Федерации: теория и практика. М.: Юристъ, 1998. -369 с.
5. Қазақстан Республикасының құқықтық актілер туралы Заңы 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V ҚРЗ. [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480/480\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480/480_)
6. Братуся С. Н. Судебная практика как источник права. -М.: НОРМА, 2000.-380 с.
7. Амосов С. М. Судебное толкование норм права как процессуальная деятельность // Российский юридический журнал. - 2003. - №1 – С. 31-34.